“Кентау Сервис” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
талдамалық анықтамасы

Кентау қаласы **09 қазан 2026 жыл**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2025 жылғы 18 сәуірдегі №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы үлгілік қағидаларға» және оған 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 өзгеріс енгізу туралы бұйрыққа,Түркістан облысы мәдениет басқармасының 2025 жылғы 16 сәуірдегі №21-нқ бұйрығына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау тәуекелдерін анықтау жұмыстары 2026 жылдың 17 тамыз – 28 қыркүйек аралығында жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізу кезінде басшылар тарапынан шектеу болмады.

---

1. Ішкі талдаудың бағыттары:

1. Персоналды басқару;
2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

---

2. Талдамалық бөлім

2.1 Персоналды басқару саласындағы тәуекелдер

Талдау нысаны:
Түркістан облысы, Кентау қаласы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің «Кентау Сервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Анықталған мәселелер:

1. Сынақ мерзімі:
Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде кейбір қызметкерлерге мүлдем

сынақ мерзімі белгіленбеген.
Бұл ҚР Еңбек кодексінің 36-бабы 3-тармағы талаптарының бұзылуына әкеледі.

2. Шығарылған бұйрықтармен мекеме қызметкерлері таныстырылмаған :
Таныстырылғандығы туралы қолдары жоқ.

3. Бос лауазымдар бойынша жарияланымдар уақытылы жасалмаған.

Ұсыныстар

1. **Кадрлық рәсімдерді жетілдіру**
   – Қызметкерлерді қабылдау және ауыстыру рәсімдерін ашық (конкурстық негізде) жүргізу;
   – Барлық бос лауазымдар бойынша жарияланымдар мен ішкі хабарландыруларды ұйымдастыру.
2. **Ішкі бақылауды күшейту**
   – Құжат айналымы мен кадрлық есептілікті бақылау үшін тәуелсіз ішкі тексеріс енгізу.
3. **Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары**
   – Қызметкерлерге арналған арнайы оқыту курстарын ұйымдастыру (этика, мүдделер қақтығысы, жемқорлыққа қарсы саясат);
   – Мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған корпоративтік этика нормаларын енгізу және бақылау.

---

3. **Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша ұсыныстар:**

- Бюджетті жоспарлау кезінде дербес мониторинг жүйесін енгізу;

- Әрбір қаржыландырылатын бағдарлама бойынша нақты нәтижелілік көрсеткіштерін бекіту;

- Қаржы игерудің ашықтығы үшін электрондық есептілік жүйесін кеңінен қолдану;

- Бюджеттік жылдық есептерді талқылауға ұсыну.

Қортынды: «Кентау Сервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде

персоналды басқару, кадрлық құжаттаманы рәсімдеу, бос лауазымдар туралы ақпаратты жариялау, сондай-ақ бюджет және қаржы қаражатын жоспарлау, игеру және бөлу бағыттары бойынша бірқатар мәселелер анықталды.

Атап айтқанда, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде сынақ мерзімін белгілеу, шығарылған бұйрықтармен қызметкерлерді уақтылы таныстыру және бос лауазымдар туралы хабарландыруларды уақытылы жариялау мәселелеріне тиісті назар аудару қажеттігі анықталды. Сонымен қатар, бюджет қаражатын тиімді әрі мақсатты пайдалану, қаржылық операциялардың ашықтығын қамтамасыз ету және ішкі бақылау тетіктерін жетілдіру қажеттілігі атап өтілді.

Жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және олардың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау мақсатында тиісті ұсыныстар әзірленді.

Осыған байланысты басшылығық тарапына:

- кадрлық құжаттарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес рәсімдеуді қамтамасыз ету;
- қызметкерлерді қабылдау және кадрлық шешімдер қабылдау кезінде заңдылық, ашықтық және объективтілік қағидаттарын сақтау;
- қызметкерлерді шығарылған бұйрықтармен белгіленген тәртіпте таныстыруды қамтамасыз ету;
- бос лауазымдар туралы ақпаратты уақтылы жариялау және кадрлық рәсімдердің ашықтығын арттыру;
- бюджет және қаржы қаражатын жоспарлау, бөлу және игеру кезінде заңдылықты, тиімділікті және ашықтықты қамтамасыз ету;
- ішкі бақылау мен қаржылық есептілік жүйесін жетілдіру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау бойынша қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу ұсынылады.

Анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеп, қабылданған шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіліп, оның нәтижелері кәсіпорын басшылығына ұсынылуы тиіс.

Жалпы алғанда, ішкі талдаудың негізгі мақсаты – кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету, мемлекеттік қаржы қаражатының тиімді әрі мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету, кадрлық және қаржылық рәсімдердің ашықтығын арттыру және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу.

Осы талдамалық анықтамада көрсетілген ұсыныстарды іске асыру кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, басқару қызметінің тиімділігін арттыруға және заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ішкі талдау нәтижелері бойынша тиісті ұйымдастырушылық және алдын алу шараларын қабылдау ұсынылады.

«Кентау Сервис» МКК
директорының м.а. **А.Б.Абдрахманов**

Комплаенс офицері: **Н.А.Тулепова**